

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АБАЯ
ИНСТИТУТ ФИЛОЛОГИИ И ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY
THE INSTITUTE OF PHILOLOGY AND MULTILINGUAL EDUCATION

«КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ - ӘЛЕМДІК БІЛІМ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНА ЕНУДІҢ НЕГІЗГІ ЖОЛЫ:
ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ

11 сәуір 2014 жыл

МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ОСНОВНОЕ УСЛОВИЕ ИНТЕГРИРОВАНИЯ В
МИРОВОЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ СООБЩЕСТВО:
ОПЫТ И ВНЕДРЕНИЯ»

11 апреля 2014 год

INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL
CONFERENCE MATERIALS
«MULTILINGUAL EDUCATION AS THE GATE OF INTEGRATION
INTO THE EDUCATION WORLD COMMUNITY:
ITS EXPERIENCE AND IMPLEMENTATION»

April 11, 2014



Алматы, 2014

И.А. Баймуратова - доцент, к.ф.н., Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ МАҚСАТЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ САЛЫСТЫРА ТАЛДАУ ЖАСАУ

Бұл мақала қазақ тілді студенттерге ағылшын тілін оқыту масатында ағылшын тілі мен қазақ тілінің дыбыстық жүйесін салыстыра қарастырады. Салыстырмалы талдау нәтижесінде қазақ тілді тіл үйренушілерге ағылшын тілін үйренуде қиыңа соғатын, қазақ тілінде жоқ ағылшын тілінің дыбыстық жүйесіндегі айырмашылықтар мен ерекшеліктерге тоқталып, анықталады.

Түйін сөздер: салыстырмалы талдау, дыбыстық жүйе, дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар, буын түрлері, екпін, дыбыстардың оқылуы, айтылуы.

Кез келген тілді үйрену, алдымен сол тілдің дыбыстық жүйесін меңгеруден басталады. Осы тұрғыда көпшілік тіл мамандары мен әдістемешілер шетел тілін оқытуда пайдаланылатын тілдік материалдарды тіл үйренушінің ана тілі мен үйретілетін шетел тілінің дыбыстық жүйесін салыстыра талдау арқылы іріктеуге негізделуін ұсынады. Шетел тілін оқыту мақсатында екі тілдің фонетикасын, грамматикасын салыстыра, салғастыра қарастырудың маңызы зор, өйткені осындай екі тілді салыстыра талдау арқылы тіл үйренушіге шетел тілін үйренгенде қандай тілдік формалар мен структуралардың көбірек қиыңа соғатынын алдын ала анықтауға болады. Мұндай талдау жасау қазақ тілді тіл үйренушілерге ағылшын тілін оқытуда да өте мәте қажет, әрі тиімді, өйткені қазақ тілі мен ағылшын тілі структуралық жағынан жалпы тілдік классификацияда бір біріне ұқсамайтын әртүрлі тілдер тобына жатады. Сондықтан да ағылшын тілін оқыту жүйелі түрде оның фонетикасын, яғни дыбыстық жүйесін таныстырудан басталатындықтан, ағылшын тілінің дыбыстық жүйесіне ғылыми негізделген ережелерге сүйене отырып сипаттама беріп, оны тиянақты түрде тіл үйренушінің өз ана тілінің дыбыстық жүйесімен салыстыра талдау жасау арқылы іріктелген материалдар арқылы берілуі шетел тілін үйренуде кездесетін тілдік қиындықтарды жеңілдетуге көмегін тигізеді. Бұл мақалада ағылшын тілінің дыбыстық жүйесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесімен салыстыра талдау жасау арқылы қазақ тілді тіл үйренушілерге қандай дыбыстарды айту жеңілге соғады және ең бастысы, қандай дыбыстарды айтуда қиындықтарға тап болып, қате жіберетін жағдайлары кездесетінін, оларды барынша болдырмаудың жолдарын іздестіру қамтылады. Екі тілдің дыбыстық жүйесіне салыстыра талдау жасауды дауыссыз дыбыстардан бастаймыз. Алдымен ағылшын тіліндегі дауыссыз дыбыстар мен қазақ тіліндегі дауыссыздардың басты ерекшелігіне тоқталайық. Ағылшын тілінің дыбыстық жүйесін таныстырғанда тіл үйренушіге алдымен оның қазақ тілінен ең басты айырмашылығына, яғни дауыссыздардың жалпы оқылу ережесіне назар аударту қажет етеді. Дауыссыздардың оқылу ережесіне талдау жасай келе ағылшын тіліндегі дауыссыздардың қазақ тілінде мүлде кездеспейтін дауыссыз дыбыстардың мынадай жалпы оқылуына қатысты айырмашылықтарын атауға болады:

а) ағылшын тілінде екі дауыссыз әріп тіркесіп келіп бір дауыссыз дыбыс болып оқылуы мүмкін, мысалы *phase*, *think* сөздеріндегі *ph* әрпі [f] болып, ал *th* [θ] болып, яғни бір ғана дыбыс болып оқылады және осы жерде тағы бір ескерте кететін жәйт, осы дауыссыз әріптердің екеуі де әліпбидегі атауынан басқаша дыбысталады. Ал қазақ тілінде мұндай құбылыс жоқ.

ә) ағылшын тілінде бір дауыссыз әріп қосарланып келгенде бір ғана дыбыс болып оқылады. Мысалы, *"pass, tall, cotton"* сөздерінде *s, l, t* әріптері қосарланып келіп тұр, бірақ айтылуда тек қана бір дыбыс болып оқылады: *pass* - [pa:s], *tall* - [to:l], *cotton* - [cotn].

б) сөз соңында белгілі бір екі дауыссыз әріп қатар келгенде олардың біреуі түсіп қалып, оқылмауы мүмкін: *tomb, bomb, debt, column*, сөздеріндегі қатар келген *mb, bt, mn* әріптері тек қана [m], [t], [n] болып оқылады, ал қазақ тілінде сөз арасында айтылуда түсіп қалуы мүмкін, бірақ оқылу ережесіне қатысты мұндай құбылыс жоқ.

в) ағылшын тілінде *th* екі дауыссыз дыбысының тіркесі сөздің қай сөз табына жататынына байланысты екі түрлі дыбысталуы мүмкін. Мысалы, *th* әріптерінің тіркесі есім сөздерде келсе [θ] болып дыбысталады да, ал көмекші сөздердің немесе етістіктің құрамында келсе [ð] дыбысын береді: есім сөздер: *teeth* - [ti:θ], *thin* - [θin], *broth* - [broθ], *thought* - [ðo:t]; көмекші сөздер: *this* - [ðis], *those* - [ðouz].

г) үш дауыссыз әріп қатар келгенде олардың біреуі міндетті түрде түсіп қалып, оқылмайды. Мысалы, *often, soften* сөздері [ofn], [sofn] болып оқылады.

д) екі дауыссыз әріптің тіркесі сөз ішіндегі орнына және қандай әріппен тіркесуіне байланысты әртүрлі дыбысталуы мүмкін. *wh* әріптерінің тіркесі сөз басында *o* дауысты әрпінің алдында келсе [h] болып оқылады да, басқа дауысты әріптердің алдында [w] болып оқылады: 1. *whole* - [houl], *who* - [hu:], *whose* - [hu:z]; 2. *what* - [wot], *while* - [wail], *whale* - [weil], *why* - [wai]. Ал қазақ тілінде кез келген дауыссыз әріп әліпбидегі атауымен оқылады және әліпбидегі атауынан басқаша дыбысталатын жағдайлары кездеспейді,

тек қана сөз ішіндегі басқа әріптердің әсерінен және ілгерінді, кейінгі ықпалдың әсерінен бәсеңдеп, немесе көмескіленіп оқылуы, қатаң немесе ұяң болып өзгеруі мүмкін.

ж) екі дауыссыз әріп қатар келіп, өзінен кейін қандай дауыссыз әріптің келетініне байланысты немесе сөздің соңында қатар келгенде екеуінің біреуі түсіп қалып біреуі ғана оқылуы мүмкін. Мысалы, *f* әрпінің алдында *l* әрпі оқылмайды: *half* - [ha:f], *scalf* - [ska:f].

з) ағылшын тілінде кейбір дауыссыз әріптер өзінен кейін келетін дауысты әріптерге де байланысты оқылу ережесі өзгеруі мүмкін. Мысалы *c* әрпі *e* дауысты әрпінің алдында келсе [s] болып оқылады, *g* дауыссыз әрпі [ʃ] болып оқылады да, басқа дауыстылардың алдында *c*-[k], *g*-[g] болып оқылады: *cell* - [sel] *coat* - [kout] *age* - [eiʃ], *got* - [got]. Осы жоғарыда аталған құбылыстардың барлығы да қазақ тілінде жоқ, сондықтан да қазақ тілді тіл үйренушілер үшін бұрын кездеспеген жаңа тілдік ережелер болғандықтан, бір сөздің жазылуы мен айтылуындағы, яғни бір сөздегі әріп саны мен дыбыс санының сәйкес келмеуі, жоғарыда аталған кейбір дауыссыз әріптердің дыбысталуындағы айырмашылықтар ағылшын тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесін меңгеруде қиындықтар туғызады және оларды меңгеруге де көбірек уақыт бөлуді қажет етеді. Демек, дауыссыз дыбыстар жүйесін таныстырғанда осы аталған құбылыстарға баса назар аударып, оларды есте жақсы сақтау үшін көбірек фонетикалық жаттығулар жасауды талап етеді. Ал ағылшын тіліндегі дауыссыз дыбыстардың айтылуы, яғни, олардың жасалу жолын салыстыра отырып талдау жасау нәтижесіне тоқталсақ, ағылшын тіліндегі *b, d, f, l, m, n, p, r, s, t, g, v, z, h* дауыссыз дыбыстарға сәйкес келетін қазақ тілінде *б, в, д, з, ф, л, м, п, н, р, с, т, Һ* дыбыстары бар. Екі тілдегі осы дауыссыз дыбыстардың айтылуы мен жасалу жолында айырмашылықтар болғанмен, жалпы ұқсастықтарының болуы, сәйкес келуі нәтижесінде бұл дыбыстарды айту қазақ тілді тіл үйренушілер үшін көп қиындық туғызбайды, фонетикалық жаттығулар жасау нәтижесінде тез меңгертуге болады. Ағылшын тіліндегі тіс арқылы жасалатын [θ] [ð] дауыссыз дыбыстары қазақ тілінде жоқ. Сондықтан бұл дыбыстарды айтқанда қазақ тілді тіл үйренушілер оларды қазақ тіліндегі *с, з* дыбыстарына ұқсастырып дыбыстайды да, ағылшын тіліндегі әртүрлі мағынаны білдіретін, айтылуда бір ғана дыбыс арқылы ажыратылатын екі сөзді ұқсастырып, яғни бірдей дыбыстау арқылы фонетикалық қате жібереді. Мысалы, *ether-either, think-sink, path-pass, breathe-breeze, thistle-this*’ll деген сөздердің жазылуы да, айтылуы да және мағыналары да әртүрлі, ал оларды айтқанда қазақ тілді тіл үйренушілер [θ] [ð] дыбыстары келетін сөздерді *с, з* дыбыстары келетін сөздермен бірдей айтып, тыңдаушыға олардың мағынасын дұрыс түсінуге қиындық туғызады. Ағылшын тілі мен қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне салыстыра талдау жасағанда қазақ тілді тіл үйренушілер үшін көбірек қиындық туғызатын ағылшын тілінің дауысты дыбыстар жүйесі екені анықталды. Ағылшын тіліндегі дауысты дыбыстар табиғаты жағынан қазақ тіліндегі дауыстылардан барлық жағынан айырмашылығы бар. Қазақ тілді тіл үйренушілерге ағылшын тілінің дауысты дыбыстар жүйесін таныстырғанда да ең алдымен олардың төмендегідей басты айырмашылығына назар аударту қажет: а) ағылшын тілінде дауысты дыбыстар ұзақ, қысқа дауысты болып жіктеледі. Қазақ тіліндегі дауыстыларды ұзақ немесе қысқа айтсаң да олар сөздің мағынасын өзгертпейді. Өйткені қазақ тілінде дауысты дыбыстар әліпбидегі атауымен оқылады, тек қана сөз ішіндегі орнына қарай бір дауысты дыбыстың әртүрлі инварианты болуы мүмкін. Қазақ тілді тіл үйренушілер дауысты дыбыстардың қазақ тілінде жоқ мұндай жіктелуіне мән бере бермейді, нәтижесінде сөздердің мағынасын ажырату қиынға соғады. Мысалы, бір ғана [i] дыбысының [si:n] деген сөзде ұзақ, ал [sin] деген сөзде қысқа айтылуы екі сөзге екі түрлі мағына беріп тұр.

ә) дауысты әріптер тіркесіп келіп оқылуы мүмкін, Мысалы, *ai, ay, ae, au, ea, ee, ei, ey, eu, ie, in, ui, ue* т.б. дауысты әріптері тіркесіп келіп әртүрлі болып дыбысталады. Ал қазақ тілінде жалпы дауыссыз әріптердің тіркесіп келуі, бір немесе бірнеше дыбыс болып оқылу құбылысы жоқ.

б) ағылшын тілімен қазақ тілінің дауысты дыбыстар жүйесіндегі тағы бір үлкен айырмашылық – екпін мен буынның түрлеріне қарай дауысты дыбыстардың оқылу ережесінің өзгеріске ұшырауы болып табылады. Мысалы, ағылшын тілінде буынның әріптердің тіркесу ретіне, сөз ішіндегі орналасуына қарай төрт түрі бар: ашық буын, жабық (бітеу) буын, буынның үшінші түрі – кез келген дауысты әріптің бірімен *r* әрпінің тіркесіп келуі, буынның төртінші түрі – дауысты әріппен *re* әріптерінің тіркесіп келуі. Мұндай құбылыс ағылшын тіліндегі дауысты дыбыстардың оқылу ережесінің негізі болып саналады. Қазақ тілінде дауыстылардың оқылуына буынның түрі айтарлықтай әсер етпейтіндіктен, ағылшын тілін үйреткенде тіл үйренушілерге осы буынның түрін және буынның түріне қарай дауыстылардың оқылу ережесінің өзгеруіне көп көңіл бөліп, оны меңгеруге әртүрлі фонетикалық жаттығулар жасау арқылы қол жеткізуге болады.

в) ағылшын тілінде екпін де дауысты әріптердің оқылу ережесіне әсер етеді. Екпіннің түріне қарай, яғни екпін түскен буында, екпін түспеген буында дауысты дыбыстар әртүрлі оқылады, нәтижесінде сөздің мағынасы да өзгереді. Мысалы, “*valid*” ([vəˈlɪd]) деген сөзде екпін түскен буынға түсіп а дауысты әрпі [v] болып оқылып тұр. Ал “*valise*” ([vəˈliːz]) деген сөздің құрамындағы а дауысты әрпі екпін түспеген буында келгендіктен [ə] болып оқылады. Яғни екпін түскен буында дауысты дыбыстар әліпбидегі атауымен оқылады да ал екпін түспеген буында оқылу ережесі өзгереді. Сонымен қатар дауысты

дыбыстардың кей жағдайда ережеден тыс оқылуы да мүмкін, сондықтан қалыптасқан оқылу ережесіне бағынбай оқылатын сөздерді есте сақтауға тура келеді. Осы мақалада аясында ағылшын тілі мен қазақ тіліндегі дыбыстық жүйесінің басты-басты деген айырмашылықтарына ғана тоқталдық. Сабақта ағылшын тілінің дыбыстық жүйесін таныстыру барысында әрбір әріптің, әріп тіркестерінің оқылу, айтылу ережесі, жасалу жолымен таныстырғанда ағылшын тілінің дыбыстық жүйесінің осындай қазақ тілінде жоқ айырмашылықтар мен ерекшеліктеріне көбірек тоқталып, жан-жақты, тиянақты түсіндіруді қажет етеді. Ал ағылшын тілінің фонетикалық курсы оқытқанда, оқу бағдарламасын, оқу құралын құрастырғанда, тілдік материалдар екі тілдің дыбыстық жүйесінің айырмашылықтарына назар аударып, ерекшеліктерін еске ала отырып, салыстырмалы талдау негізінде жүйеленсе, тіл үйренушіге ағылшын тілінің дыбыстық жүйесін үйренуде кездесетін қиындықтардың алдын алып, неғұрлым жақсы, әрі тез меңгеруге септігін тигізері сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Halle, Morris. The sound system of English. New York, 1968
2. Banathy, Bela, Edith Crowell, Waddle, Card D. The use of Contrastive data in foreign language course development. "Trends in language teaching, edited by A. Valdman. New York, 1970.
3. Malick, Alice Paul. Contrastive study of American English and Arabic consonants clusters. Language learning 7, 1970.
4. Robert P., Stockwell. Contrastive analysis and lapsed time. Washington, D.C. Georgetown university press, 1990.
5. Teaching and learning English as a foreign language. New York, 1990.

Резюме

В этой статье рассматривается сопоставительный анализ звуковых систем английского и казахского языков в учебных целях. Звуковые системы английского языка сопоставляются с казахским языком и раскрываются отличия и особенности звуковых систем двух сопоставляемых языков. Целью сопоставительного анализа звуковых систем двух языков является предопределить трудности, с которыми сталкиваются студенты с казахским обучением при усвоении звуковую систему английского языка, а также учитывать при составлении учебных программ по фонетики английского языка для казахоязычной аудитории.

Resume

This article considers contrastive analysis of systems of consonants and vowels of English and Kazakh for the purpose of teaching English. By contrastive analysis there determined the differences and peculiarities of English consonants and vowels from Kazakh sound system. Kazakh learners find it difficult to achieve distinct pronunciation, right, correct articulation and to remember reading rules of English consonants and vowels, which are differ from Kazakh sound systems in many ways. The differences of English sound system are expected to cause interference in the learning of English as a second language. It is important to have Kazakh learners of English get know the differences and peculiarities of English consonants and vowels to overcome difficulties and to make fewer mistakes, less time consuming in learning English.

Болат А.Ж.- к.ф.н. Центрально-Казахстанской Академии, Караганды, Казахстан

АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ

Статья посвящена использованию активных методов в обучении языковым специальностям; активные методы обучения, это – методы, которые побуждают к активной мыслительной, познавательной и творческой деятельности в процессе овладения учебным материалом, характеризуются высоким уровнем диалогической активности и обменом мнениями о путях разрешения той или иной проблемы.

Ключевые слова: активные методы обучения, имитационные методы, неимитационные методы, игровые методы, неигровые методы, анализ конкретных ситуаций

Идеи активизации обучения высказывались учёными на протяжении всего периода становления и развития педагогики задолго до оформления её в самостоятельную научную дисциплину. К родоначальникам идей активизации относят Я.А. Коменского, Ж.-Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинского и других. Всю историю педагогики можно рассматривать как борьбу двух взглядов на позицию ученика. Приверженцы первой позиции настаивали на исходной пассивности ученика, рассматривали его как объект педагогического воздействия, а активность, по их мнению, должен был проявлять только преподаватель. Сторонники второй позиции считали ученика, равноправным участником процесса обучения, который работает под началом педагога и активно усваивает социально-культурный опыт, имеющий форму теоретического знания. Из числа отечественных психологов к идее активности в разное время